«Әкемнің есімі өз уақытында жаңғырады»

актер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ерболат Қасымұлымен сыр-сұхбат

Қостанай төрінде тағылымы мол, жүрекке жылы, жанға нұр сепкен тағы бір жүздесу өтті. Облыстық кітапханада көрерменмен жүздесуге Ермек Тұрсыновтың «Шал» фильміндегі басты рөлді сомдаған актер, елге танымал тұлға Ерболат Тоғызақов келді.

Айтолқын АЙҚАДАМОВА

Бұл кездесу көпшілікке ерекше әсер сыйлады. Өнерге, өмірге, адамгершілікке қатысты айтылған ойлар залда отырған әрбір жанның жүрегіне жетті. Бастысы бұл жолы жай ғана актермен кездесу емес, тектінің тұяғымен сырласып үлгердік. Себебі Ерболат Тоғызақов – біздің жерлесіміз екенін, әрі артында терең рухани тамыр, ғибратты әке жолы жатқанын көбі біле бермейді.

Әкесі Қасым Тоғызақов кезінде «Қостанай таңы» газетінде еңбек еткен қаламгер. Ленинградта жоғары білім алып, Қазақстан Жазушылар одағында аударма бөлімін басқарған. Орыстың классик ақын-жазушыларын қазақ тіліне аударған, Жамбыл Жабаевтың жеке әдеби хатшысы болған зиялы тұлға. 1936 жылы Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігіне Жамбылмен бірге қатысып, ақынның өлеңдерін орыс тіліне сөзбе-сөз тәржімалаған. Сонымен қатар, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» операсына либретто жазып, «Сібір Омар» атты поэма қалдырған. Алайда сол бір нәубет заманда «халық жауы» атанып, Сібірге айдалып кетеді. Ал анасы Зияда Әлімбекова Абай атындағы опера және балет театрында әнші болған, өнердің өзегінен нәр алған жандардың бірі.

опера театрының хор әншісі. Осындай рухани бай отбасында тәрбиелену сіздің тұлғалық қалыптасуыңызға, өнерге деген қызығушылығыңыз бен өмірлік ұстанымдарыңызға қаншалықты ықпал етті? Әлде «халық жауының баласы» деген көзқарасты сезіндіңіз бе?

– Әкемнің арқасында үйімізде ерекше бір рухани орта қалыптасты: сөрелерде әлем классикасы, шетел және орыс әдебиеті, түрлі ұлттардың шығармалары самсап тұратын. Әкем әдебиетке шын берілген адам еді, ол көптеген жазушылармен дос болды. Олар жиі біздің үйге Алматының қақ ортасында орналасқан шаңырағымызға келіп, әңгіме-дүкен құратын. Осындай ортада өскен мен кітапқа, рухани байлыққа ерте жастан құмар болдым. Әртүрлі халықтың тарихы мен мәдениетіне деген қызығушылығым да осы кезден бастау алды. Шығармашылыққа деген ұмтылыс, өнерге деген сүйіспеншілік те – ата-анамның берген тәрбиесінің жемісі деп білемін.

Жаңа айттым ғой әкем көптеген жазушылармен жақсы араласты деп. Үйімізге жазушы Хамза Есенжанов жұбайымен көп келетін. Менің де атымды қойып, кіндік әкем болған сол кісі. Мен жеті айлық шалабаймын. Содан аман қалсын да жүріп көп адамдармен таныстым. Кино әлемін де сол кезден тани бастадым. Жас кезімде оператор боламын деп армандайтынмын. Мен халық шаруашылығы институтын бітірдім, бірақ студияда жұмыс істегім келді, кино әлемі қатты қызықтырды. Әкемнен де ақыл сұрадым, ол кісі танымал жазушы әрі аудармашы ғой. Әкемнің арқасында түсірілім тобына қосылып, әкімші қызметін атқардым. Өкініштісі, Шәкен Аймановты көрмедім. Мен келгенде ол кісі болмады. Бұл қызметті жарты жыл істейтінімді, кейін Мәскеуге, Бүкілодақтық мемлекеттік кинематография институтына жіберетіндерін айтқан еді. Ол кезде танымал режиссер Толомуш Океевтің «Көксерек» таспасымен жұмыс істедім. Ақыры, БМИК-ке түспедім, дегенмен мені Кеңес одағының астанасына, киноөндіріс директорларының курсына жіберді. Бұл іспен 41 жыл айналыстым. Сол кезде фильмдерде өзімнің ойнайтынымды айтса, сенбес едім. Ал актерлік дәмді алғаш рет 60 жасымда таптым, «Келін» фильмінде келін болып түскен қызын саудаға салатын әкенің рөлін сомдадым. Одан да басқа фильмдерге түсіп жүрдім.

деп ойлаймын. Актер деген мен үшін Нұржұман Ықтымбаев, Қасым Жәкібаев ағаларымыз сияқты болуы керек. Осы екі кісіні өзіме ұстаз санаймын. Денсаулығы болғанда, «Шалдың» рөлін марқұм Қасым аға ойнау керек еді. Ол «Шалды» менен он есе керемет ойнап шыққан болар еді. Қасым шалдың дауысын керемет дыбыстаған Кәдірбек Демесінге көп рахметімді барлық жерде айтып жүремін. Сұхбат алғандар «сіз фильмде қазақша әдемі сөйлейсіз» деп жатады. Ол менің дауысым емес, Кәдірбек Демесіннің дауысы. Шалдың образын дауыспен келтіру үшін екі ұртына құрт салып алып сөйлеген еді. Міне, талант деген осы болар. Қазақ тілінде сөйлей алмағанымның зардабын осы түсірілімде де сезіндім. Қазақша жаттап

Міне, осындай өнегелі әке мен өнерлі ананың ұрпағы Ерболат Тоғызақовтың бойында ұлт рухы, өнерге деген адалдық, қарапайымдылығы басым. Тектіден туған азаматтың тағдыры да, таланты да өзгеше. Сұхбат барысында ол бала күнінен бергі әсерлі сәттермен бөлісіп, кино мен театрдағы жолын, өмірлік ұстанымын шынайылықпен әңгімелеп берді.

– Отбасыңыздың ауыр тағдырын, соның ішінде әкеңіз Қасым Тоғызақовтың Сібірге жер аударылғанын білеміз. Сол жылдардың елесі сіздің есіңізде ме?

– Бұл өте ауыр, жүрекке жара салған кезеңдер еді. Мен әкемді туғаннан көрмедім, өйткені ол мен жарық дүниеге келген тұста-ақ жазықсыз «халық жауы» деген жаламен сотталып, Сібірге айдалып кеткен екен. Анам, мен үш жасқа толғанда, орыс тілін дұрыс білмесе де, бар қиындыққа қарамай мені жетектеп, әкемнің соңынан Сібірге барды. Сол үшін кейіннен ел ішінде анамды «декабристка» деп атайтын болды. Анам «халық жауының» әйелі атанғандықтан еш жерде жұмысқа қабылданбады. Кедейшілік, жалғыздық, қорлықтың бәрін көрді. Бірақ ешқашан мойыған жоқ. Менің есімде қалғаны анам екеуіміз пойызға отырып, ұзақ жол жүргеніміз. Кейін үлкен өзенмен кеме арқылы әрі қарай жалғасты. Сол сапардың бір сәті мәңгі жадымда қалып қойыпты: анам мені кеменің иллюминаторына көтеріп, «Міне, қарашы, жағада әкең тұр» деген еді. Мен көзімді сығырайтып, алыстан бір кісіні көріп, «Әкем қандай сүйкімді, келбетті адам екен!» деп іштей қуанып қоямын. Шын мәнінде, әкем өте сымбатты, зиялы кісі болған. Менің сырт келбетімде әкеме тартқан тұстарым бар деп ойлаймын. Кейін отбасымызда інім дүниеге келді. Ата-анамыз не көрсе де, ешқашан әлсіздік танытпады. Сол үшін ата-анама мәңгілік қарыздармын. Сол қиындықтарға қарамастан, мен жақсы білім алдым, өмірде өз орнымды таптым.

– Сіз шығармашылық ортада өстіңіз, әкеңіз – жазушы, анаңыз – деп есімімді Хамза аға «бұл ер болады» деп Ерболат қойыпты.

Менің бір ғана өкінішім бар – өз ана тілімде еркін сөйлей алмаймын. Тіпті, анам марқұм орысша білмейтін. Жамбылдың қызы еді. Әке-шешем жұмыс істейді, ал жан-жағымдағы достарымның барлығы орысша сөйлейтіндер, өзге ұлттың балалары болды. Соның әсерінен мен орыстілді болып кеттім. Ал «халық жауының баласы» деген шеттеулерді сезінген емеспін.

– Осындай отбасында өсе тұра киноға қалай тап болмауыңыз мүмкін емес сияқты...

– Дұрыс айтасыз. Әкемнің жанынан

– Десе де жұлдызыңызды жаққан фильм Ермек Тұрсыновтың «Шал» фильмі ғой. Басты рөлге көптеген кәсіби актерлар таласқан-ды, бірақ шалды сомдау бақыты сізге бұйырды. Қандай қызықты сәттер болды?

– Мен бұрын Ермек Тұрсыновтың «Келін» фильмінде түстім ғой. Содан кейін режиссер қайта ұсыныс жасады. Шынын айтайын өзімді басты рөлді ойнауға лайықсыз деп санадым. Бірақ, ол көмектесетінін айтып, көндірді, мен де келістім. Тағы да қайталап айтамын, менің режиссермен жолым болды, соның бар айтқанын бұлжытпай орындауға тырыстым, сондықтан рөлім ойдағыдай шықты алып, түгелімен айтып шығатынмын. Ол жасанды болып қалғанда образды ашу үшін французша сөйлей жөнелетінмін. Ал фильмде қасқыр тұқымдас иттермен алыстым. Қолымды қатты тістемес үшін екі білегіме темірден браслет жасап берді.

– Әкеңізге оралсақ, ол кісінің есімін қайта тірілтіп, шығармашылығын зерттеп жүрген жандар бар ма?

– Мен Жазушылар одағына арнайы барып, осы мәселеге қатысты хабарластым. Алайда, әзірге нақты бір бағытта жүйелі жұмыс жүргізіліп жатыр деп айту қиын. Әкемнің жазбалары негізінен араб қарпімен жазылғандықтан, оларды оқу, түсіну және аудару өз алдына бір үлкен еңбек пен жауапкершілікті талап етеді. Қазіргі таңда әкемнің мұрасын ұмытпай, есімін жаңғыртып жүрген азаматтардың бірі – Ибрахим Ағытаев ағамыз. Қолымда барын сол кісіге бердім. Әлі де менде түпнұсқа еңбектері бар. Оның еңбегіне, ықыласына ерекше ризашылығым бар. Дегенмен, бұл бағыттағы зерттеулер әлі де жалғасуы қажет деп есептеймін. Менің ойымша, әкемнің есімі мен шығармашылық мұрасы әлі де болашақта өз бағасын алып, кеңінен танылатын күн туады. Әр нәрсенің өз уақыты болады ғой.

Алғаш рет мені әкем өзінің кіндік қаны тамған қасиетті мекені – Меңдіқара ауданына бозбала шағымда алып барды. Сол сапарда мен туған атам мен әжемді көріп, туыстарымды алғаш рет таныдым. Бұл кездесу менің жадымда мәңгіге жатталып қалды. Осы жолғы келісімнің де мақсаты осы болатын. Әкемнің екі інісі мен жеңгелерімнің қайтыс болғанына ас беріп, құран бағыштап қайттық. Өзімнің Нариман есімді немере інімді, өзім балам деймін ертіп апарып, ұрпақ жалғастығы үзілмесін деген ниетпен үлкендер рухына тағзым еттік. Мұның бәрі де тек ата-баба алдындағы парыз емес, рухани сабақтастықты сақтау жолындағы бір қадам деп білемін.

– Әңгімеңізге рахмет, аман болыңыз, аға!

Бір мектепке атамыздың аты берілсе...

Есенғазы НҰРҒАЗИН, Қасым Тоғызақовтың туысы:

«Тоғызақ деген кісі – Қасым атамыздың бесінші атасы. Өз заманында дәулетті, ауқатты әулет болған. Бірақ Қасым атамыз байдың баласы ретінде көзге түсіп, қысымға ұшырамас үшін Ресейде он жылдық мектепті тәмамдаған соң, ары қарай оқу үшін әкесінің емес, бесінші атасының – Тоғызақтың есімін фамилия ретінде алған екен.

Қасым атамыз үш ағайынды еді. Жаз кезінде Ерболатты інісімен бірге ауылға алып келетін. Біз бірге ойнап, жаз бойы құлын-тайдай тебісіп жүретінбіз. Атасы Қасым ара-тұра ауылға соғып, елмен емен-жарқын араласатын. Бір жолы ауылға Сәбит Мұқановты алып келді. Бүкіл ауыл болып қарсы алып, екі күн бойы қонақ қылдық. Кейін тағы бір жылы қазақ әнұран авторларының бірі Жұмекен Нәжімеденовты ертіп келді. Бұл ауыл үшін үлкен оқиға еді.

Қасым атамыз Қасқат ауылына жиі келіп тұратын. Ең соңғы рет 1977 жылы Қасқаттағы мәдениет үйінде өзінің туған күнін атап өтті. Ол күн де ел есінде. Сол тойға біраз өнер адамдары келіп, ардақты ағамыздың мерейін өсірген еді.

Атамыздың атын жаңғыртып, мұрасын жұртшылыққа таныту жолында тер төгіп жүрген азаматтардың бірі – Ибрахим ағамыз. Бірақ бұл – бір ғана адамның мойнындағы жүк емес. Қасым Тоғызақовтай тұлғаны тереңірек зерттеп, ұрпағына ғана емес, ұлт руханиятына қайта табыстау – бүгінгі жастардың парызы. Міне, бүгінгі кездесуде отырған немересі Нариман бәрін естіп, зерделеп отыр. Ендігі кезек – осы ұрпақта. Ата-баба аманатын арқалайтын да осы жастар.

Бір жылдары ауылдағы мектепке Қасым атамыздың есімін беру мәселесі көтерілген еді. Бірақ, өкінішке қарай, бұл бастама жарты жолда тоқтап қалды. Ал мектептің қазіргі жағдайы мәз емес, жабылудың алдында тұр. Енді ойымыз – аудан орталығынан бір білім ордасына Қасым атамыздың есімін беру. Осы бағытта Балта Сабыров деген азамат біраз ізденіп, Алматыға дейін барып, талпыныс жасады. Дегенмен, сол жылдары ағамыз дүниеден өтер алдында отбасы ішінде бір қайғылы жағдай орын алып, бұл мәселені қозғамауға кеңес беріпті.

Бірақ енді заман өзгерді, өткенге үңіліп, жоғымызды түгендеп жатқан тұста, Қасым Тоғызақовтай тұлғаның есімін жаңғырту – тарихи әділеттілік болар еді. Оған әлі де кеш емес. Тек ниет пен нақты қадам керек».